

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі N 445-ІІ Заңы

1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат; N 4, 25-құжат; 2003 жылғы 23 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2003 жылғы 21 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бағалы қағаздар рыногы және акционерлік қоғамдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 8 2 5 - б а п т а :

1-тармақтың 3) тармақшасы "сақтанушыға" деген сөзден кейін "(сақтандырылған адамға)" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Міндетті сақтандыру бойынша жазбаша шарттың нысаны Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде айқындалады, ал ерікті сақтандыру бойынша - сақтандырушы айқындайды не тараптардың келісімімен айқындалады.";

2) 8 2 9 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігі "Сақтанушы" деген сөзден кейін "(сақтандырылған адам)" деген сөзбен толықтырылсын, "сақтандырушыға" деген сөз "сақтанушыға (сақтандырылған адамға)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші және екінші бөліктері "сақтанушы", "сақтанушының" деген сөздерден кейін тиісінше "(сақтандырылған адам)", "(сақтандырылған адамның)" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "сақтанушының" деген сөзден кейін "(сақтандырылған адамның)" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 8 3 3 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"833-бап. Сақтандыру тәуекелін және келтірілген зиянды бағалау";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мүлікті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандырушы сақтандырылатын мүлікті қарап тексеруге және бағалауға, ал қажет болған кезде оның шынайы құнын анықтау мақсатында сараптама тағайындауға құқылы.

Сақтандырылатын мүлікке және келтірілген зиянға сақтандырушы жүзеге асыратын бағалау сақтандырудың құрамдас бөлігі болып табылады және қосымша лицензиялауды талап етпейді.";

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін сақтанушының немесе оның өкілінің өтініші бойынша сақтандырушы айқындайды. Қажет болған жағдайда келтірілген зиянның мөлшерін бағалауды бағалаушы (тәуелсіз сарапшы) жүргізеді. Келтірілген зиянды бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда тараптар өзгеше дәлелдеуге құқылы.";

4) 835-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің екінші сөйлемі мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Егер шартта немесе Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заң актісінде хабардар ету мерзімі және (немесе) тәсілі көзделсе, ол келісілген мерзімде және шартта немесе Қазақстан Республикасының заң актісінде көрсетілген тәсілмен жасалуға тиіс."

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті